



2017ж. қаңтар-сәуір

ҚР Ұлттық Банкі

## Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

## Негізгі түйіндер

## Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуі

2017 жылдың қаңтар-сәуір аралығында қысқа мерзімді экономикалық индикатор 5,4%-ға дейін артты. 2016 жылдың тиісті кезеңінде көрсеткіш жағымсыз әсерде болып, -0,9%-і құрды.

Қысқа мерзімді экономикалық индикаторға кіретін экономиканың барлық базалық салалар есуді көрсетті.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі үлесі 63-64%-ды құрайды.

## 1. Макроэкономикалық индикаторлар

## 1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017ж. қаңтар-наурыз	2017ж. наурыз	% -бен		2017ж. қаңтар 2017ж. наурызға
					2016ж. қаңтар-наурызға	2016ж. наурызға	
А			1	2	3	4	5
1	<b>ІЖӨ (2017ж. 1 тоқсан бойынша алдын ала деректер )</b>	млрд.теңге	<b>10 205,7</b>		<b>103,4</b>		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	7 135,9	1 805,5	107,1	110,9	98,0
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	490,1	136,4	102,9	103,0	99,3
4	Құрылыс	млрд.теңге	521,6	199,7	106,1	104,5	133,9
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	167,0	41,8	105,9	107,5	94,6
6	Байланыс	млрд.теңге	224,0	55,7	102,0	104,3	99,2
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд.теңге	2 411,0	642,5	105,5	105,6	99,5
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	1 856,1	608,3	105,5	111,1	110,7
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			107,7	107,5	100,5
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		4,9			
11	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	140,1	139,5	103,3	96,9	96,8
12	Нақты жалақы индексі**	%				90,1	96,3

## Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017ж. қаңтар-наурыз	2017ж. наурыз	% -бен		2017ж. наурыз 2016ж. ақпанына
					2016ж. қаңтар-наурызға	2016ж. наурызға	
А			1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл. США	17,0	6,1	124,2	130,4	110,1
1.1.	- экспорт	млн. долл. США	10,8	3,9	130,0	145,2	107,4
1.2.	- импорт	млн. долл. США	6,0	2,2	115,1	110,1	115,4
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс*	мың теңге	232,1	80,1	110,4	114,4	105,3

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЗМСК), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай серпінді бірқатар деректерде өзгерістердің болуы ықтимал.

Қабылданған қысқартулар: ІЖӨ - жалпы ішкі өнім, ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ - нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\*\* - бағалау



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

**2017ж. қаңтар-сәуірінде экономиканың барлық негізгі салаларында өсу жалғасты. Өсіресе экономиканың жалпы өсуі салыстырмалы төмен базасына байланысты болды. Өнеркәсіптің және экспорт көлемінің өсуі жеделдетті. Жылдық инфляция бәсеңдетуді жалғастырды.**

## Оң үдерістер

№пп	2017ж. қаңтар-сәуір %-бен 2016ж. қаңтары-сәуіріне	Факторлар	Анықтама үшін: 2017ж. қаңтар-наурыз %-бен 2016ж. қаңтар-наурызына
1. ІЖӨ (2017ж. 1 тоқсан бойынша алдын ала деректер )	103,4*	экономиканың барлық салалардың өсуі, сумен жабдықтауды қоспағанда	
2. Өнеркәсіп	107,1	тау-кен саласындағы өндіріс көлемінің өсуі	105,8
3. Тау-кен өндіру саласы	107,8	металл кендері, шикі мұнай мен табиғи газ өндірудің өсуі	105,6
4. Өңдеу саласы	106,8	металлургия өнеркәсібі, тамақ өнімдері мен кокс және мұнай өнімдері өндірудегі көлемдердің ұлғаюы	106,5
5. Ауылшаруашылығы	102,9	мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	102,9
6. Құрылыс	106,1	құрылыс-монтаж жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	107,1
7. Көлік (жүк айналымы)	105,9	темір жол көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	105,4
8. Негізгі капиталға инвестициялар	105,5	өнеркәсіп және жылжымайтын мүлікпен операциялардағы негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	103,1
9. Байланыс	102,0	желілік қызмет көрсету және мобильді интернеттен түскен кірістердің өсуі	101,3
10. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	105,5	саудамен айналысатын кәсіпорындардың бөлшек саудадағы көлемдердің ұлғаюы	105,5
11. Инфляция	107,7	тауарлар мен қызметтердің барлық топтарындағы бағалардың өсуінің баяулауы	107,8
12. Сыртқы сауда айналымы**	124,2	экспорттың пен импорттың өсуі	123,1
12-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт**	130,0	металдар мен металдардан жасалған бұйымдар, минералды өнімдер, оның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің өсуі	122,7
12-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт**	115,1	барлық негізгі тауар топтары импортының өсуі	123,8

\*ІЖӨ 2017 жылғы 1 тоқсан бойынша алдын ала деректер

\*\*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп қалыптастырылады. Осыған байланысты, кестедегі деректер 2017ж. қаңтар-ақпаны 2016ж. қаңтар-ақпанына үшін %-бен сол жақ бағанда, ал 2017ж. қаңтары 2016ж. қаңтарына үшін %-бен оң жақ бағанда келтірілген.



## Ішкі жалпы өнім


## 1.3. ІЖӨ өндіріс әдісімен

2017 жылдың 1-і тоқсанында ІЖӨ 3,4%-ға өсті

ҰЭМСК-ң алдын ала дертері бойынша 2017ж. 1 тоқсанында ІЖӨ 2016 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты көрсеткіш 3,4%-ға ұлғайып, 10,2 трлн. теңге құрды.

ІЖӨ құрамындағы тауарлар мен қызметтер өндірісі тиісінше, 5,7% мен 2,0%-ға өсті. Өнімге салықтар 4,3%-ға өсті.

Тауарлар өндіру мен қызметтер өндірудің ІЖӨ-дегі үлестері тиісінше, 35,5% және 57,1% болды.




2017ж. 1 тоқсанында тау-кен өндіру мен өңдеу өнеркәсібі, сауда мен көлік салалары және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар ІЖӨ-нің өсуіне оң үлесін қосты.

## 1.4. ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісімен

2016 ж. ішінде ІЖӨ нақты көрсеткіште 0,9%-ға өсіп, 44,9 трлн.теңгені құрады.

ІЖӨ құрамындағы түпкілікті тұтыну шығыстары 1,4%-ға өсті, жалпы жинақтау 2,5%-ға ұлғайды.

Тауарлар мен қызметтер экспорты 4,4%-ға, импорт 2,2%-ға төмендеді.




## 1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

Өзбекстан ІЖӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы болып отыр

2016 жылы ТМД елдерінің арасында ІЖӨ-нің ең көп өсуі Өзбекстанға тиесілі (7,8%-ға өсу).

2016 жылы Өзірбайжан, Беларусь пен Ресейде ІЖӨ тиісінше, 3,8%, 2,6% және 0,2%-ға төмендеді.





## 1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

**Мұнайдың бағасы**


2017 жылдың сәуір айы ішінде Brent маркалы мұнайдың бағасы әлемдік тауар биржаларында 25,7%-ға өсіп, бір баррель үшін 53,1\$ құрады\*.

**Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемдері**

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндіру құрайды, 2017ж. сәуірінде оның үлесі 39,4% болды.

2017ж. сәуірінде өңделмеген мұнайды өндірудің нақты көлемдері 14,9%-ға өсті, ал табиғи түрдегі көрсеткіште көлемдер 10,2%-ға көбейді.

Өңделмеген мұнайды өндірудің нақты көлемдердің ұлғаюуы және мұнайдың бағасы өсуі өнеркәсіптегі өнімдерді өндірудің көлемін ұлғайтты.



\*- <http://econ.worldbank.org>

\*\*- <http://stat.gov.kz>: 2017ж. сәуірдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

\*\*\*-ҰЭМ СК деректері бойынша энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындардың бағалары

**Сыртқы сұраныс**

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2017ж. қаңтар-наурызда ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 53,2% болды), Қытайға (11,4%) және Ресейге (9,8%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2017ж. 1 тоқсанында ЕО ІЖӨ (28) 2%-ға, Қытайда ІЖӨ 6,9%, ал Ресейде 0,5%-ға өсті.


**Сыртқы сауда айналымы****2017ж. наурыз айы**

2017ж. қаңтар-наурызда сыртқы сауда айналымы 24,2%-ға өсті (экспорт 30,0%-ға, импорт - 15,1%-ға өсті).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (үлесі - 69,7%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар (35,9%) басымдыққа ие болды.

Экспорттың өсуі мынадай тауарлар топтарының арттыруына байланысты: минералды өнімдер - 37,8%-ға, металлдар және олардан бұйымдар өнімдері - 40,3%-ға және басқа да өнімдер - 4,9%-ға.


Барлық негізгі тауарлар топтары бойынша импорт артты, метал өнімдерді мен олардан жасалынған бұйымдарды қоспағанда. Импорттың өсуіне барынша машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар (8,9%-ға немесе ақшалай көрсеткіште 176,5 млн.\$ мөлшерде өскен), сонымен қатар минералды өнімдер (53,1%-ға немесе ақшалай көрсеткіште 247,9 млн.\$ мөлшерде өскен) елеулі үлесті қосты.

**Экономикадағы ақша ұсынысы****Кредиттеу\***

2017ж. сәуірде 2016ж. тиісті кезеңмен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттердің көлемі 2,2%-ға артып, 12,6 трлн. теңге құрды.

Өткен аймен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттер 2017ж. сәуірінде 0,7%-ға артты.

Жылдық көрсеткіште экономикаға берілген кредиттердің ең көп өсімі өңдеу саласында 16,0%-ға, ауыл шаруашылығында 10,5%-ға және "өзге де" саласында (өндірістік емес сала, жеке қызмет) -4,1%-ға байқалды. Барлық басқа салалары үшін азайды.



\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет

\*-кезең соңындағы ҚРҰБ деректері бойынша




## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ

## Тауарлар өндірісі

## 2.1. Өнеркәсіп


## Өнеркәсіптің есу бағытына қайта оралуы

2017ж. қаңтар-сәуірінде өнеркәсіп 7,1%-ға дейін ұлғайды. 2016ж. тиісті кезеңінде осы көсеткіш жағымсыз әсерде болатын (-1,4%). Салыстырмалы төмен базасының әсерінен, сондай-ақ әлемдік шикізат бағасының көтерілуінен және де өндіріс көлемдердің ұлғаюынан өнеркәсіп өсуді көрсетті.



## Тау-кен өндіру көлемінің айтарлықтай ұлғаюы


2017ж. қаңтар-сәуір аралығында тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 7,8%-ға өсті (2017ж. қаңтар-наурыздыңда - 5,6%-ға өсті). Мұнай (7,6%), көмір және лигнит (18,9%) және темір кендері (12,1%), табиғи газ (7,4%-ға) және түсті металл кендерін (11,5%-ға) өндіру көлемдері ұлғайды.



## Өңдеу өнеркәсібінде өндірістің өсуінің жалғасуы

2017ж. қаңтар-сәуірінде салада өндіріс көлемдері 6,8%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтар-наурыздыңда - 6,5%-ға өсу).

Металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдері 8,3%-ға (үлесі - 44,8%), азық-түлік өнімдері 5,7%-ға (үлесі - 17,1%), машина жасау 3,3%-ға (үлесі - 10,1%), кокс және мұнай өңдеу өнімдері 9,1%-ға (үлесі - 7,5%) ұлғайды.




## 2.2. Құрылыс

## Өсудің жеделдеуі

2017ж. қаңтар-сәуірінде құрылыс жұмыстарының көлемдері 6,1%-ға өсті (2017ж. қаңтар-наурыздыңда - 7,1%-ға өсу).

Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 4,1%-ға ұлғайды (үлесі - 91,5%).

Күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі тиісінше, 26,2%-ға және 40,7%-ға артты.




Ескертпе. Arima Census X-12 құралын пайдалана отырып маусымдық түзетулер жасалынады

**2.3. Ауыл шаруашылығы****Мал шаруашылығы өсудің негізгі көзі**


2017ж. қаңтар-сәуірінде ауыл шаруашылығы 2,9%-ға өсті (2017ж. қаңтар-наурызында - 2,9%-ға өсу). Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі тірі салмақта сою көлемінің және шикі сиыр сүті өндірісінің 4,1%-ға және 3,3%-ға ұлғайуына байланысты.

Мал шаруашылығындағы өнімдердің көлемі 3,0%-ға (үлесі - 95,9%) ұлғайды. Сонымен қатар, өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі өзгеріссіз қалды.

**Қызметтер өндіру****2.4. Бөлшек сауда****Бөлшек сауда көлемдердің өсуінің жалғасуы**


2017ж. қаңтар-сәуірінде бөлшек тауар айналымының көлемдері 5,5%-ға өсті (2017ж. қаңтар-наурызында - 5,5%-ға өсу).

Саудамен айналысатын кәсіпорындарының сауда көлемі 13,7%-ға өсті (үлесі - 57,9%), дара кәсіпкерлердің тауарларды сату көлемі 4,1%-ға (үлесі - 42,1%) азайды.

**2.5. Көлік (жүк айналымы)****Өсуінің жалғасуы**


2017ж. қаңтар-сәуірінде жүк айналымының көлемі 5,9%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтар-наурызында - 5,4%-ға өсу).

Өсуге темір жол 10,8%-ға жүк айналымының ұлғаюы себепші болды.

**2.6. Байланыс****Байланыс қызметтердің өсуі жалғасуда**

2017ж. қаңтар-сәуірінде байланыс қызметінің көлемі 2,0%-ға артты (2017ж. қаңтар-наурызында - 1,3%-ға өсу).

Интернет қызметтерін көрсетуден түскен кірістердің 11,5%-ға (үлесі - 33,0%) және ұялы байланыс 3,1%-ға (үлесі - 31,3%) өсуі себепші болды.





## 3. Инфляция


## 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

## Инфляцияның баяулауы

2017ж. қаңтар-сәуірінде инфляция 7,7%-ды құрады (2017ж. қаңтар-наурызында - 7,8%), бұл тауарлар мен қызметтердің барлық топтары бағаларының өсуіне себепші болды.

Айлық инфляция 0,5%-ды құрды (2017ж. наурызында - 0,5%).

Жылдық инфляция жоғары базаның әсері және теңгенің айырбастау бағамының тұрақтануы есебінен 7,5%-ға дейін баяулады (2017ж. наурызында - 7,7%-ға өсу).



## 4. Инвестициялар


## 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

## Инвестицияның өсу қарқыны баяулады

2017ж. қаңтар-сәуірінде инвестициялар 5,5%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтар-наурызында - 3,1%-ға өсу).

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты есебінен қаржыландырудың 20,4%-ға (үлесі - 71,6%) ұлғаюы инвестициялардың өсуіне себепші болды.

Экономикалық қызметтің түрлері бойынша инвестициялардың өсуіне негізгі үлесті өңдеу өнеркәсібі (13,6%-ға өсу) және де жылжымайтын мүлікпен операциялар (13,6%-ға өсу) енгізді.




## 5. Еңбек нарығы

## 5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

## Халықтың жұмыспен қамтылуының артуы және жұмыссыздықтың төмендеуі

2017ж. қаңтар-сәуірді 2016ж. қаңтар-сәуірбен салыстырғанда экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны өзгерген жоқ, ал жұмыссыздар саны 10%\*-ға дейін өсті.

Жұмыссыздық 4,9%\* болды.



## 5.2. Жалақы және халықтың кірістері

## Халықтың нақты ақшалай кірістері өсуді көрсетті

2017ж. қаңтар-сәуірінде орташа айлық номиналды жалақы 3,3%-ға өсті.

Нақты жалақы 2017ж. сәуірінде наурызына қарағанда 3,7%-ға төмендетті.

Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптастырылатын бағалау көрсеткіші) 2017ж. наурызында 6,2%-ға айтарлықтай өсті.



\* - жұмыспен қамтудың жаңа стандарттары ескерілген бағалау деректері

